



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ІС ЖҮРГІЗУІ: ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дәуренбек Гүлдана Мұратбекқызы
Астана, Еуразия ұлттық университеті, Құқықтану

Қазақстанда құқықтық мемлекет құру жолында барлық мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның институттары мен заңның ұлықтығын қамтамасыз ету, елдегі конституциялық заңдылықты сақтау жолындағы күш-жігерінің топтасуын қажет етеді. Бұл тұрғыда Конституциялық Кеңестің маңызы зор. Мұнда басты назарға алынатыны ҚР Конституциялық Кеңесі туралы 1995 ж. 29 желтоқсандағы № 2737 және оған өзгерістер енгізілген 2004 ж. 24 қарашадағы № 604 Конституциялық заңы.

Конституциялық Кеңес өз жұмысын конституциялық іс жүргізу жолымен жүзеге асырады. Бірақ сот ісін жүргізу емес, Конституциялық Кеңестің мемлекеттік органдар жүйесіндегі өзіндік ерекшелігін бейнелейтін өзіндік қыры бар мемлекеттік іс жүргізу. Конституциялық Кеңес мемлекеттік механизмнің бір бөлігі бола тұрып, мемлекеттік биліктің бірде-бір тармағына жатпайды. Ол тіпті билік тармақтарының бірде-біріне жуыспайды, осының бәрі Конституциялық іс жүргізудің өзіндік қырын көрсетеді. Өтініші бойынша конституциялық іс қозғайтын субъектілер ауқымы шектеулі. Ол субъектілер конституциялық іс жүргізуге қатысушылар болып есептеледі. Оған Президент, Сенат төрағасы, Мәжіліс төрағасы, Парламент депутаттарының жалпы санының кем дегенде бестен бірі, Премьер-Министр, республика соттары, мемлекеттік органдар және заң актілерінің конституциялығы тексерілетін лауазымды адамдар жатады. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар іс жүргізудің тепе-теңдік құқығын пайдаланады. Олар іс материалдарымен танысуға, дәлелдемелер беруге, оларды зерттеуге қатысуға, өтініштің дұрыстығын немесе терістігін дәлелдеуге, Конституциялық Кеңеске ауызша немесе жазбаша түсініктеме беруге құқылы.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушыларға міндетте жүктеледі. Олар өз құқықтарын абыройлы пайдалануы тиіс. Олардың Конституциялық Кеңеске теріс мәліметтерді хабарлауы немесе талап етілген құжаттарды және басқа ақпараттарды бермегені Конституциялық кеңесті құрметтеушілік ретінде бағаланып, заң бойынша жауапқа тартылады. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар Конституцияға құрметпен қарауы тиіс. Конституциялық іс жүргізу қорытынды шешім қабылдағанға дейін мынадай:

- 1) егер өтініш жасаған субъект өз өтінішінен бас тартқан;
- 2) конституциялығы дауға түскен акт кері қайтарылған немесе заңдық күшін жоғалтқан;
- 3) егер мәлімделген өтініш Конституциялық Кеңестің қарауына жатқызылмаған жағдайда тоқтатылуға жатады.

Конституциялық Кеңестің отырысында қабылданған кез келген акт Конституциялық Кеңестің шешімі болып табылады. Конституциялық Кеңестің шешімі екі түрге бөлінеді:

- конституциялық өкілетті жүзеге асыру негізінде қабылданатын қорытынды шешім;
- өзге өкілеттіктерімен (конституциялық емес деңгейдегі) жүзеге асырылатын шешімдер.

Қорытынды шешім әртүрлі нысанда болады. Бірінші нысан — нормативтік және нормативтік емес сипаттағы қаулы. Нормативтік сипаттағы қаулы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Конституциялық Кеңес қабылдаған қаулыны Кеңестің өзі конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың не оның қорытынды шешімін орындауға міндетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтініштері бойынша түсіндіруі мүмкін. Егер Конституциялық Кеңестің шешімінде жіберілген редакциялық сипаттағы дәлсіздіктер мен қателерді түзету қажет болса, Конституциялық Кеңес өз бастамасы бойынша қосымша шешімдер қабылдайды.

Қосымша шешім Конституциялық Кеңес шешімінің шынайы мазмұнына, мағынасы мен мақсатына қайшы келмеуге тиіс. Конституциялық Кеңес шешімдерінің түрлері оның конституциялық өкілеттігін жүзеге асыратын қорытынды шешімдер және Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттігін жүзеге асыратын басқа да шешімдер болып бөлінеді. Шешімдер қаулылар, солардың ішінде нормативтік қаулылар, қорытындылар және жолдаулар нысанында қабылданады. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Конституциялық Кеңес шешімдерді алқалы түрде, өз мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы, ал Конституциялық Кеңестің тіпті бір мүшесі талап етсе де — жасырын дауыс беру арқылы қабылдайды.

Егер шешім қабылдау кезінде Конституциялық Кеңес мүшелерінің дауыстары тепе-тең бөлінген болса, Конституциялық Кеңес төрағасының даусы шешуші дауыс болып табылады, ол барлық жағдайларда өз даусын ең соңында береді. Конституциялық Кеңестің мәжілісі кезінде оның отырысқа қатысқан мүшелерінің ешқайсысының да қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға құқы жоқ. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Кеңестің шешімін ол Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша қайта қарауы мүмкін.

Шешімді қайта қарау туралы Конституциялық Кеңес қаулы шығарып, ол арқылы осы шешімнің толығымен немесе бір бөлігінде күшін жояды. Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күші Конституцияда Кеңес шешімдерінің жалпыға бірдей міндетті заңдық күші бекітіліп, кешіктірмей қолданысқа енгізілу тәртібі белгіленген. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктігі оның заңдық күшінің ажырамас сипаты болып табылып, қорытынды қаулы қабылдау арқылы конституциялық іс жүргізудің қисынды түрде аяқталғанын айғақтайды. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктігі сондай-ақ оның өтініш субъектісі үшін сол бір себеп бойынша кері қайтпайтынын білдіреді, өйткені, Конституцияның 74-бабының 3-тармағына сай, Конституциялық Кеңестің шешімдері «шағымдануға жатпайды».

Бұл Кеңестің шешімдеріне шағымдану құқығының да, мұндай шағымдарды қарайтын тиісті инстанциялардың да жоқ екенін білдіреді. Сонымен бірге, ерекше жағдайларда Конституциялық Кеңестің өзі қолданыстағы қаулыны қайта қарауы немесе оны түсіндіру жөнінде қосымша қаулы қабылдауы мүмкін екені конституциялық құқық нормаларында жоққа шығарылмайды. Конституциялық Кеңестің қаулылары тек Конституцияға ғана негізделеді және өзге нормативтік құқықтық актілердің бәрі оларға қайшы келмеуге тиіс. Конституциялық Кеңестің қаулыларында баяндалған құқықтық позициялардың күші Кеңес конституциялық емес деп тапқан нормаларды қайта қабылдау арқылы еңсеріле алмайды.

Конституцияның 73-бабының 4-тармағына сай Конституциялық Кеңестің шешіміне толығымен немесе бір бөлігіне Республика Президенті қарсылық білдіруі мүмкін, бұл қарсылық Конституциялық Кеңес мүшелері жалпы санының үштен екісінің даусымен еңсеріледі. ҚР Президенті қарсылығы еңсерілмеген жағдайда, Конституциялық Кеңестің шешімі қабылданбады деп есептеледі. Қарсылық Республика Президенті шешімнің мәтінін алған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей енгізіледі. Осыған байланысты нормативтік қаулының сипатын бағалауда мәселе туындайды. Біздің пікірімізше, Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларын түсіндіру туралы шешімі нормативтік қаулы болып табылады. Бұл мұндай шешімнің Конституция нормаларының күшіндей күші бар екендігін, конституциялық нормалармен бір қатарда тұратынын білдіреді.

Егер Конституциялық Кеңес басқа сипаттағы нормативтік қаулы қабылдайтын болса, онда оның маңызы заңға сәйкес нормативтік актінің маңызындай болады.

Қорытынды шешімнің тағы бір нысаны - Конституциялық Кеңестің нормативтік сипатта болмайтын қорытындысы. Конституциялық Кеңес конституциялық өкілеттіктің барлық мәселелері Президент, Парламент депутаттары сайлауларының, республикалық

референдумның дұрыстығы, Халықаралық шарттарының Конституцияға сәйкестігі, Президентті орнынан кетіру туралы шешім бойынша қорытынды қабылдайды.

Конституциялық Кеңесінің қорытынды шешімнің маңызды нысаны елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Парламентке жолдауы болып табылады. Жолдауда талдау, сондай-ақ конституциялық заңдылықты нығайту жөнінде ұсыныс болуы мүмкін.

Егер Конституциялық Кеңес заң, өзге де нормативтік актілер адамдар мен азаматтардың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді, сондықтан ол Конституцияға сәй келмейді деп шешсе, онда мұндай заңдар мен нормативтік актілер заңдық күшін жоғалтады және қолдануға жатпайды. Егер соттар және өзге құқық қорғау органдары осындай заңдардың негізінде шешім қабылдаса, онда ол шешімдер орындауға жатпайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абенев Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы, 1996.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.
3. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. Президент Н. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 17 желтоқсан 2001 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 ж. 28 ақпан // Егемен Қазақстан, 1 наурыз 2007.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Дәуренбек Гүлдана Мұратбекқызы

Астана, Еуразия ұлттық университеті, Құқықтану

Тәуелсіздігімізге алғаш қанат бітірген 1991 жылғы 16 желтоқсандағы "ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Заңының 8-бабында: "Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар өкілдерінің мәдениетін, дәстүр-салтын, тілін қайта түлетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады" деп көрсетілгендей мемлекеттік тіл мәселесі елімізде Негізгі заңмен қадағаланып отыратын маңызды буын саналады [1, 109 б.].

ҚР Конституциялық Кеңесі туралы Конституциялық заңның 19-бабы бірінші тармағының б) тармақшасына сәйкес ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Конституциялық Кеңес еліміздегі күрделі мәселелер бойынша заңдылықтың жүзеге асырылуы туралы ақпараттар беріп тұрады.

Мысалы: 2008 жылы - Тіл туралы конституциялық Ережелерді іске асыру саласында ҚР Конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы маңызды ақпарат жарияланды. Бұл ақпаратта Негізгі Заңның тіл туралы нормаларының мағынасы мен мазмұнын түсіндіретін, оларды қолданудың шарттары мен тәртібін белгілейтін шешімдер нақтыланған. Конституциялық Кеңестің шешімі бойынша - мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқық мәртебесі, оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айырықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен реттеледі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған, "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-ІІІ заңымен ратификацияланған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде: барлық